

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттерден әкелінетін өнімді кедендік ресімдеу кезінде ставкалардағы айырмашылық бойынша қосылған құнға салық салу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 тамыз N 979. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 988 қаулысымен. ~P010988

Қазақстан Республикасының тауар өндірушілерін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттерден әкелінетін ұқсас арзан өнім шығарудан қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттерден әкелінетін бағалары қосылған құнға салынатын салық ставкасының 20 проценттен төмен мөлшерде қолданылуы арқылы қалыптасқан өнімге кеден органдары кедендік ресімдеу кезіндегі ставкалар айырмашылығы бойынша қосылған құнға жалпы белгіленген тәртіппен салық салынуға міндетті.

2. Осы қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі